

Қ.Р. Калкеева¹, М.Т. Құдагелдин², Н.А. Каргапольцева³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан;

²Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан;

³Орынбор мемлекеттік университеті, Ресей
(E-mail: kudageldin@gmail.com)

Тарихи жады педагогикасы оқушылардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастырушы шарт ретінде

Мақалада әлеуметтік-гуманитарлық ілімдер шеңберінде тарихи сананы қалыптастырушы заманауи педагогикалық көзқарастар қарастырылған. Авторлар аталмыш құбылысты ашатын отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде қолданылатын «тарихи жады педагогикасы», «музей педагогикасы», «еске алу педагогикасы», «тарих дидактикасы», «тарихты оқыту әдістемесіне» басты назар аударды. Музей педагогикасы, тарих дидактикасы, коммеморативті педагогика тарихи сананы қалыптастыру педагогикасының басты бөлшектері болып табылады. Мақалада аталған түсініктердің өзара диалектикалық бірлігіне акцент жасалынған. Авторлар тарихи жады педагогикасы мен тарихи сананы қалыптастырушы көздерді қарастыру тенденциясын, сонымен бірге өткен күндер жөнінде тарихнамалық және педагогикалық зерттеу жүргізудің перспективалық бағыттарын қарастырды. Саяси үдеріс, көпшіліктің тарихи санасы және тарих курсының мазмұны мен дидактикасының арасындағы байланыс пен сипатты қарастыратын тарихи білім тұжырымы ұсынылды. Авторлар қарастырылатын мәселенің толыққандылығын көрсетуге тырыспайды.

Кілт сөздер: педагогика, тарих оқулығы, тарихи жады, тарих дидактикасы, музей педагогикасы, коммеморативті педагогика, еске алу педагогикасы.

«Тарихи сана» және «тарихи жады» дискурсы қазіргі уақытта гуманитарлық білімнің негізгі түсініктерінің біріне айналуда. Бұл мәселені философия, әлеуметтану, тарих, саясаттану, психология, этнология, мәдениеттану және педагогика сияқты көптеген ғылымдар өз аспектілерінде қарастырады. Дегенмен, оларды қазіргі жағдайды түсіну өткенді білу мен бағалауға тәуелді деген пікір тоғыстырады. Жастардың тарихи санасының қалыптасуына көптеген факторлар ықпал ететіндіктен көпқырлы. Бұл үдеріске әлеуметтік-экономикалық жағдай, идеология мен білім беру, елдегі тарихқа деген көзқарас әсер етеді.

Бүгінгі таңда ғылыми кеңістікте «тарихи жады» терминінің көптеген анықтамасы бар. Бұл тарихи жады анықтамасының бірыңғай түсінігі қалыптаспағандығын көрсетеді. Дегенмен, жадының бұл нысаны әлеуметтік өткен күндер ретінде қоғамдағы тарихи ақпаратты сақтау, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу және жалпы және даралық деңгейдегі оның когнитивтік, образдық және эмоционалдық сипатының көрінісі болып табылады. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерде «тарихи жады» терминімен қатар «тарихи сана», «тарихи таным», «ұжымдық жады», «әлеуметтік жады» атаулары синоним ретінде қолданылады. Бұл жайында тарихи сананың қалыптасуын педагогикалық тұрғыдан зерттеуші шведиялық ғалым Роберт Торп (Robert Thorp) «Historical Consciousness and Historical Media - A History Didactical Approach to Educational Media» атты еңбегінде былай дейді: «Тарихи сана - тарих дидактикасының өзегіне айналған концепция және оны тарихты дидактикалық тұрғыда зерттеуші әлем зерттеушілері бұл концепцияны түрлі тұрғыда қарастырады (Ahonen, 2005). Концепцияны пайдаланудың қиыншылығы оның күрделілігі мен біртекті болмауында (Duquette, 2011; Nordgren, 2006) және сараптау барысында қиыншылықтар туғызады (Aronsson, 2004). Бұл концепцияның тарихи білім беруде маңыздылығы артуда. Мысалы, Швецияның оқу бағдарламаларында мектепте тарихты оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың иденттілігі мен адамгершілік туралы түсініктерін қалыптастыруға септігін тигізетіндей олардың тарихи санасын дамыту болып табылады (Skolverket, 2011). Ұлыбритания мен Солтүстік Американың кейбір зерттеушілері оқушылардың тарих жөніндегі біржақты пікірлері олардың пәнді оқуларына әсер етіп, мұғалімдер мен зерттеушілерге оқушылардың сыныпқа қандай түсінікпен келіп білім алу барысында оқушылардың әлем мен ондағы адамдарды қабылдау көзқарастарына әсер ететіндіктерін атап өтеді (Shemilt, 2000; Duquette, 2011)» [1].

Тарихи сананы педагогикалық зерттеу тұрғысынан қарау ерекшелігі ондағы тарихи сана білім беру шеңберінде қарастырылуында. Ахонен (Ahonen) атап өткендей тарихи сананы қалыптастырушы

көптеген факторлардың (педагогикалық, мәдени және ғылыми) бар екендігін мойындасақ, онда тарихи білімнің потенциалы түрлі нысандағы тарихи сананың (ауызша, жазбаша, аудиовизуальды, перформатив) қалыптасуына ықпал етуін жіті қадағалау қажет. Тарихи сананы салыстырмалы және жалпыұлттық зерттеулер тарихи өзарақатынастың өткенді массалық қабылдаудан қауымдық немесе отбасылық байланыстарды мирас етуден тарихтың субъективтілігін сын тұрғысынан қабылдауға дейінгі кең спектрі бар екендігін көрсетті [2; 189].

Осыған орай тарихи сана білім беру контекстінде қалай қалыптасады және оның педагогикалық, дидактикалық болмысы қалай болмақ? Формалды білім беру мен мұражай, тарихи объектілерді қоса алғандағы формалды емес білім берудің өзара айырмашылығы қандай деген сұрақтар теориялық және эмпирикалық тұрғыда ашық сұрақ болып табылады.

Бұған дейін тарихи жады жайындағы түсініктер болғанымен оның ғылыми негіздемесін 1930 жылдары француз әлеуметтанушысы М. Хальбвакс жасады. Оның жұмысының өзегі тарихи шындықты идеологиялық негізде бұрмалайтын кәсіби тарихнамаға (историография) шынайы тарихты сақтаушы, ресми тарих ұмыттыруға тырысатын ақпараттар «қоймасы» тарихи жадыны қарсы қою болды. М. Хальбвакс тарихи жады түрлі топтарда сақталу арқылы ұлттық, әлеуметтік және өзге де топтарды біріктіруші фактор болып табылады деп есептейді.

«Тарихи жады» термині П. Нордың «Места памяти», Й. Йерушалми, Л. Лоуэнтальдің еңбектері мен америкалық «History and Memory» журналдарында көтеріліп, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кеңістігіндегі жаңа парадигма ретінде 1980–1990 жылдары шықты. 1992 жылы неміс мәдениеттанушысы Я. Ассманның «Культурная память» кітабындағы «...өнер мен әдебиет, саясат пен қоғам, дін мен құқық сияқты мәдениеттің түрлі құбылыстары мен сфералары жаңа байланыста қарастырылатын еске алу түсінігі төңірегінде мәдениет ғылымында жаңа парадигма құрылғаны туралы барлығы айтуда», деп «тарихи жадының» мәдениеттегі көрінісін атап өтті [3; 11]. Ол бүгінгі күнде көкейкесті жағдайларға байланысты қайтара қарастырылатын адамзат қауымының жадысында қордаланған өткенді қарастыратын «тарихи жады» жобасын пән ретінде ұсынды.

Ағылшын-саксондық кеңістіктегі тарихи білім берудегі «тарихи сана» концептісінің соңғы кездері ғана пайда болғанын және оған тарихи сана педагогикасын құрушы неміс дидактиктерінің еңбектерінің ықпалы жөнінде С. Ахонен (Ahonen, 2005) өзінің ғылыми шолуында баяндайды. Мұнда ол тарихи сана мен тарихи сауаттылықтың арақатынасына, тарихи сана мен адамгершілік сабақтарға, постмодерндік тарихи білімге, тарихи білім берудің болашағына қатысты ағылшын-саксондық ғылыми кеңістіктегі ғалымдардың еңбектеріне сараптама жасайды [4].

Айта кетерлік жәйт, бастапқыда тарихи жадыны зерттеу аясы (memory studies) ұлт пен ұлттық бірегейлікті (идентичность, identity) қарастырса, қазіргі уақытта түрлі әлеуметтік топтардан бастап жаһандық мәселелерді де қамтиды. Бұл әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдағы бұл ілімнің көкейкестілігінің артып отырғандығын көрсетеді.

Тарихи сананың этноцентристік сипатының негативті және позитивті қырлары жөнінде оның біртекті және өзге ұлттар өкілдерінің тарихи мінез-құлықтарының көріністері мен оның мотивациялары жөнінде тұрғындардың тарихты интерпретациялауы жөнінде поляк және неміс ғалымдарының зерттеулері тарихи сананың қалыптасуының ерекшеліктеріне басты назар аударады [5].

Тарихи жады тек өткенді баяндау ғана емес индивидтің, әлеуметтік топтың, ұлттың, қоғамның және еларалық бірегейлікті құрушы факторлардың бірі болып табылады. Оған мысал ретінде, «Бауырлас Орта Азия елдеріндегі тарихтың оқытылуының этноцентристік сипаты бейсаналы түрде әлемдік өркениеттегі ұлттың өзіндік ерекше болмысын көрсетуімен қатар, оның келеңсіз жағы, саналы түрде көрші халықтардың мәдениетін төмендету мен жатсынуды тудырады. Сонымен бірге, көрші елдер арасындағы қарым-қатынас көбіне қарулы күрес тұрғысынан қарастырылуы жатсынуды одан әрі тереңдете түседі» яғни «Мектеп социализация құралы ретінде ұлттық болмысты қалыптастыратындықтан тарихтың оқытылуы гуманитарлық технология арқылы бауырлас елдерді жақындатуы да, тіпті алыстатуы да мүмкін» [6; 36, 37]. Бұл тұрғыда плюрализмді нығайту үшін тарихи жады құндылықтарын көрсете білу қажет. «Елімізде тарих, мәдениет және тілдің ортақтығы біздің қоғамда құндылық болып табылады. Ол ұзақ жылдар бойында сындардан өтіп қалыптасты. Ең алдымен еліміздегі түркі тектес халықтардың тарих, мәдениет, тіл бірлігін айту лазым. Түрік қағанаттарынан тамыр алатын бабалар тарихы Қазақстанды көне замандарда мекендеген ғұн, сақ және өзге тайпалармен сабақтасып жатыр. Мәдениет, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер, жазба мәдениетінің жәдігерлері, ауыз әдебиеті барша түркі халықтарының ортақ мұрасы» [7].

Біз бұдан тарихи жады өз кезегінде педагогикалық технологиялар арқылы тарихи сананы қалыптасыратындығын көреміз. Бұл жайында Я. Шнейдер «...Әлеуметтік ғылымдар тек ақпарат беріп қана қоймай адамдардың, әсіресе жастардың дүниені қабылдауларына зор ықпал етеді», — деп есептейді [8].

Түрлі елдерде коммеморативтік тәжірибие қалыптастыратын өзіндік орталық тарихи оқиға мен объектілер бар. Мысалы, көрші Ресейде көпұлтты мемлекет басын біріктіруші идея ретінде «Біз жеңімпаздармыз!» ұранымен Ұлы Отан соғысын және 9-мамыр мерекесін ерекшелесе [9], Польшадағы 1990-жылдардағы әсіресе қалалық ландшафты өзгерткен (көше атауының өзгеруі, ескерткіштерді құлату,...) «символдық декоммунизация» барысы «жады саясатынан» көрініс береді. Поляк тарих оқулықтары қайта жазылып, кеңестік оккупация, репрессия терминдері пайда болды [10]. Әлбетте саяси режим соның ішінде коммунистік билік тарих ғылымын және оқу пәнін белгілі бір саяси ұстанымдарға сай «жазу мен оқытуды» талап етеді. Венгерлік ғалым Петер Тибор Наги өзінің «Преподавание истории как преподавание плюрализма» атты еңбегінде Варшава келісіміне сай КСРО саяси ықпалындағы шығыс еуропалық социалистік мемлекеттердің тарихы мысалында көрсетеді. «...Өзге шығыс еуропалық халықтарға қарағанда славян халықтары болып табылмайтын венгерлер мен румындар бұл күрделі болды. 1950-жылдарғы ертедегі Венгр тарихына славян халықтарының мәдени және әлеуметтік зор ықпалын ерекше атап өтуге тырысты. Екінші жағынан неміс мекендерінің рөлін де атап өтті. Неміс колонершілері мен саудагерлері оқулықтар мен бағдарламаларды «колонизаторлар» ретінде аталды. «Славяндар – жақсы жігіттер» — «Немістер – нашар жігіттер» және әлбетте ағылшындар мен американдықтар да нашар жігіттер» [11].

Бұрынғы КСРО тарих оқулықтары кезінде Ресейдің колониялық саясаты «бұратана халықтарды» өркениетке жетелеуші құрал, ал Батыс Еуропалық колонизация адамзатқа апат әкелуші күш ретінде сипатталуы тарих оқулығының саяси идеологиялық мазмұнын көрсетеді.

Атап айтқанымыздай, тарихи сананы қалыптастырушы әлеуметтік институттардың бірегейі білім беру жүйесі болып табылады. Коммеморация ортақ жеңіс, ортақ трагедия арқылы бір жағынан өскелең ұрпақты тәрбиелеу құралы болса, оның екінші қыры кеңестік кезеңінен белгілі «саяси тәрбиелеу» құралына айналуы да мүмкін. Әлбетте, мектеп оқушылары мен студенттердің тарихи түсініктеріне өнер, әдебиет, саяси науқан, дәстүр, идеология, дін, БАҚ, кино, түрлі нарративтер, мемлекеттік мерекелер де әсер етеді. Сонымен бірге, сабақтан тыс өтетін оқу-тәрбиелік сипаттағы коммеморативтік шаралар (тарихи туризм, ескерткіштер, музейлерге бару, шерулер, театрлық қойылымдар мен жекелеген тұлғалармен кездесулер) да үлкен әсер етеді.

Тарихы жады педагогикасы оқушылардың қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты белсенді қатысуын ынталандыруға бағытталған. Ұжымдық жадыда ерекше орын алатын соғыс, аштық, отарлау, репрессия және өзге де тарихи оқиғаларға қатысты мәселелер тарихи сана мен жадыда оларды тек хронологиялық немесе өзге де механикалық жинақтау ғана емес оған қатысты сыни тұрғыда қарастыра білу де болып табылады. Тарихи оқиға ретінде білу де маңызды, дегенмен өткенді саралау бүгінгі мен ертеңгіні көруге мүмкіндік береді. Тарихи жады педагогикасы билікті теріс пайдалану, тарихты саяси идеологияға бағындыру, зорлық-зомбылық, геноцид, ксенофобия сияқты теріс механизмдерді анықтап, оның қалай жұмыс істейтіндігін, оны түйсінуге үшін не істеу керек, бұл механизмдердің болашақта қайталанбауы үшін қоғамдық көзқарас қандай болуы керек деген сұрақтарға да жауап іздеуі тиіс.

Тарих білімі тарихи сананы қалыптастырудың негізгі категориясы болып табылады. Оның кең таралған анықтамалары мына негізге саяды: өткенді талдау арқылы бүгінгі мен болашақты түсінуге бағытталған ақыл-ой әрекеті. Тиісінше, ол өткенді, бүгінгіні және келешекті уақыттық кеңістікте тоғыстырады. Тарих дидактикасында бұл маңызды рөл атқаруы тиіс. Себебі, оқушылар мен студенттер елдің қалыптасқан тарихи мәдениетінің талаптары негізінде келешектерін айқындайды. Тарихи сананы қалыптастыру педагогикасында бізде және посткеңестік елдерде қолданатын «Тарихты оқыту әдістемесі» терминінің орнына батыс елдерінде қолданатын «Тарих дидактикасы» ұғымы ерекше орын алады.

Неміс ғалымдары негізін салған тарих дидактикасы дегеніміз тарих пәнін оқытуда құзіреттілік беретін ерекше оқу пәні. Оның басты көзі қазіргі уақытта кез-келген мемлекет қалыптасқан тарихи мәдениет мүшесі ретінде бейімделуіне мүмкіндік беру мақсатында тарих пәнінің мектеп бағдарламасына енуі болып табылады. Бұл міндетті атқару үшін алдымен тарих дидактикасы тарих пәнін оқыту керек, ол арнайы процедуралар мен оқу орнына байланысты қалай ұйымдастырылуы керек деген сұрақтарға жауап береді.

«Тарих пәні жалпы білім беру мектептеріне мемлекет енгізген пән болып табылады. Сабақ барысында балалар мен жасөспірімдер тарихты оқып (көпшілік мойындаған түсінік) «тарихты оқу» үрдісі жүреді. «Тарихты оқу» оқушылардың тарихи санасына бағдарлау мен хронологиялық өзгерістердегі бірегейлендіруге кепілдік береді. Бұл фактіден төмендегі ойлар, сұраныстар мен сілтемелер туындайды. 1. Тарих сабағы тарих ғылымдарының жетістіктері мен тәжірбиесімен тығыз байланысты. Онда тарих ғылымында жинақталған: тарихи зерттеулер, тарих теориясы мен тарих дидактикасы сияқты үш өлшемдегі білімнен басқа ештеме де қарастырылмауы да оқытылмауы да керек. 6. Тарих сабағында негізінен тарихи-саяси білім беріледі....тарихты оқыту негізінен тарихи ойлау мен рефлексивті тарихи сана қалыптастыруға бағытталған. Тарих сабағы бүгінде «білім беру пәнінен» («Wissenfach») гөрі «ойлау пәні» («Denkfach»). Тиісінше, тарихты оқу мақсаты өткен мен тарихты ақылмен сараптау қабілетін қалыптастыру болып табылады» [12]. Клаус Бергман тарихи білім тек жаттау арқылы емес бүгінгі немесе ертеңгі күнге маңызы бар тарихи жағдайға қатысты тарих ғылымының жетістіктеріне (тарихи сұрақ, «тарихи әдістер» — эвристика, критика, интерпретация — тарихи бағалау мен тарих жауабы) сүйене отыра «тарихи ойлауға» тарих дидактикасы арқылы үйретуі тиіс деп есептейді. Автор осы еңбегінде Г.Ю. Пандельдің индивидуалды тарихи сананың қалыптасуына әсер ететін өзара байланыстағы жеті өлшемдегі сана жөнінде мысал келтіреді. Олар: уақыт санасы, шындық (жарамдылық) санасы, тарихилық санасы, идентілік санасы, саяси сана, әлеуметтік-экономикалық сана және моралдық сана.

Әлбетте, тарих оқулығы тарихи сананы қалыптастырушы «қаңқа» ретінде әлеуметтік жадыны ретрансляторы рөлін атқарады. Қоғамдағы үстемдік етуші саяси ұстанымдар «жады саясаты», «коммеморация саясаты» арқылы ықпал ететіндігі белгілі. Бұл жайында М. Ферро әр елдерде қандай да бір тарихи оқиға тарих оқулықтарында түрлі ракурстарда қарастырылатындығын көрсеткен еді [13]. Тарих оқулықтарындағы бір қарағанда сенімді дайын конструкциялар оқушы мен студентке бір бағыттағы түсініктер қалдыруы мүмкін. Мысалы, көрші елдермен тарихи қатынастар оқулықтарда жау образында соғыс арқылы бейнеленуі бір жақты ой қалыптастырады. Сондықтан тарихшылар, тарих мұғалімі мен тарих оқулығының авторлары мектеп оқушыларының «тарихи ойлауларында» оқиғаға салыстыру, сыни ойлау, сараптау сияқты ғылыми әрекеттер арқылы өзіндік «тарихи баға берулеріне» ынталандырулары қажет. Себебі, салмақты, тарихи мифқа сүйенбеген тарих туралы білім беру мен тарихи рефлексия әсерге негізделген қоғамдық көңіл-күйді тудырмай тарихтан сабақ алуға мүмкіндік береді. Қазіргі білімді жас үшін әлеуметтік дағдылар, мәдени аралық құзыреттілік пен әлем халықтарының тарихы мен құндылықтарын құрметтеу аса маңызды. Жоғары білікті маман болу үшін тарих заңдылықтарын, адамзат өткенінің үдерісін білмей, яғни тарихты ойлай білу өзекті болып табылады. «Зияткер ұлт», инновациялық қоғам құру мен жаһандану дәуірінде жоғары оқу орындарындағы адамзат тарихын қарастыратын тарих, философия, дінтану, саясаттану, әлеуметтану және өзге де әлеуметтік-гуманитарлық пәндер арқылы берілетін оқу-тәрбиелік үдеріс студенттің тұлғалық дамуына, азаматтық ұстанымдарына, кәсібилігіне және адамгершілік сапаларына әсер ететін тарихи сана олардың дүниетанымын қалыптастырады.

Тарих пәнінің өзге әлеуметтік-гуманитарлық циклдағы оқу курстарымен бірлесе отыра тарихи сананы қалыптастыра отыра қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық өзгерістерге сезімталдығын көрсетеді. «Тек ресейлік мектептердің не педагогикалық қауымдастықтың ғана емес қоғам үшін де өзекті болып отырған тарихи білімді қоса алғанда әлеуметтік-гуманитарлық білім компоненті ретінде қоғамтану білімінің перспективалық стратегиялық даму мәселесін айқындау «мәңгілік сұрақ» ретінде көрініс береді. Әлеуметтік-гуманитарлық білім өз сипатында қоғамдық өзгерістерге, қоғамдық үдерістерді түйсінудегі адам реакциясына қатысты барынша ықпалға ұшырайтын білім саласы болып табылады. Жалпы білім беру мектептерінде қоғамтануды оқыту барысында оқушылар, педагогтар, ата-аналар тарапынан әрдайым қиыншылықтар, күмән мен құндылық қатынастар тудырады. Оның басты себебі — түрлі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар мен қоғамдық үдерістерді оқушылардың тұлғалық қабылдауының ерекшеліктері кешенін біріктіруші интегралды оқу пәні болып табылуында» [14; 4]. Бұдан тарихи жадыны қалыптастыруда тарих пәнінен өзге әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің де көкейкестілігін көруге болады.

Көпшіліктің тарихи санасын қалыптастыруда саяси жағдай мен тарих курсының арасындағы байланыс негізінен екі сипатта көрініс береді. Біріншісі, тарихи білім жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан, тарихи жәйттің шынайы боямасыз тұлғалық немесе саяси мазмұнынсыз факті бойынша сипаттайтын ғылыми-академиялық көзқарас. Бұл қайнар көздермен жұмыс істей білуге үйрету және дамыта оқыту элементтері мен сын тұрғысынан ойлауға баулуға негізделіп

кандай да бір деңгейде батыс демократиялық елдеріндегі білім беру жүйесінде қалыптасқан. Екіншісі, оқушылар мен студенттердің идеялық, азаматтық бірегейліктерін, отансүйгіштікке баулу арқылы жастардың құндылықтарын қалыптастыруға тырысатын шартты түрде идеялық-саяси, тарихи тәрбиелеу және тарихи-педагогикалық деп атауға болатын көзқарас. Бұл өз кезегінде әдіснамалық бірізділікке нұқсан келтіреді.

Соңғы ұстаным академиялық ғылым аясында тарихи білім беру талаптарына жауап бере алмайды. Дегенмен, ол мемлекеттің саяси бағдарына, мемориалдық саясатымен сәйкеседі. Бұл өз кезегінде тарих фактіге емес фактіні талдауға айналады. Бұл ұстанымды біз Кеңестер құрамында болғанда бастан кештік және оның теріс салдары әлі күнге дейін тек қарапайым адамдар арасында ғана емес академиялық кеңістікте де көрініс беруде.

Тарихи сананы қалыптастыру педагогикасының тағы бір көрінісі батыс елдері білім беру жүйесінде еске алу педагогикасы (pedagogy of remembrance) деген атаумен белгілі. Қазіргі уақытта «Pedagogy of remembrance» еуропа елдерінде II дүниежүзілік соғыстағы нацизм құрбандарына қатысты еске алумен тығыз байланыста дамыды. Мысалы, Польшадағы Centralne Muzeum Jeńsów Wojenny, яғни Әскери тұтқындарға арналған Орталық музей өткізетін білім беру әрекеті негізінен мектептен тыс оқытуға бағытталған. Оның өзегі болып тарих дидактикасын әлеуметтік және азаматтық білім берумен ұштастыратын «Жады педагогикасы» бағдарламасы болып табылады. Жоба Опольск университетімен бірге 2004 жылдан бастап атқарылып, кей материалдар губерниядағы орта мектептерге тегін таратылған.

Музей жобасына байланысты қазіргі тарихи білімнің мақсаты тарихи оқиғалардың себебі мен салдарын түсіну және осы білімнің негізінде болашақты жауапкершілікпен жасау болып табылатын тарихпен белсенді танысу болып табылады. Осы тұрғыда өткенді бағалау терең де көпқырлы ақпараттар негізінде көрініс беретін өткеннің байсалды бейнесі болып табылады. Өзінің тарихи, әлеуметтік этикалық және діни құндылықтарына байланысты тарихи жерлердегі білім тарих дидактикасы мен осы жерлерді музей тұрғысынан өлшеу шеңберінен шығып кетеді. Ол ұрпақтар мен халықтар арасындағы диалогты дамытуға негіз бола алады, делінген музей сайтында [15].

Біздің педагогикалық кеңістікте «музей педагогикасы» түсінігімен танымал бұл сферада Польшадағы Собибордағы бұрынғы өлім лагері музейі де pedagogy of remembrance негізінде білім беруде.

Осы негізге сәйкес педагогикадағы жады жүйесі шеңберінде жүзеге асатын білім беру үдерісі өткен жайлы ойлар мен біздің бейімділігіміз, пікірлеріміз бен қатынасымыздың арасын үйлестіруші болып табылады. Тиісінше, бұл тоталитарлық қылмыстардың моралдық және әлеуметтік аспектілері туралы тарихи жадыны белсендендіруге тырысу болып табылатындығына музейдің білім беру қызметі акцент жасайды [16].

Еліміздегі Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені мен Долинка кентіндегі саяси-қуғын-сүргіндерін есте сақтау мұражайы (КарЛАГ), Семейдегі «Алаш арыстары» мұражайына немесе аштық құрбандарына арналған ескерткіштерге (және тағы басқа да) саяхат жасау арқылы XX ғасырдың трагедиялық көріністерін көрсету қазақстандық жастардың ұлттық құндылықтарын жасауға көмектеседі. Тарихты оқыту тәжірбиесінде тоталитарлық қылмыстардың себебі мен салдарын көрсету арқылы жастарды еліміздің азаматтық ұстанымы бар тұлғасы ретінде қалыптастыруда музей педагогикасын құрал ретінде пайдалануға болады.

Себебі, тарихи сананы қалыптастырушы орындардағы тарихи және әлеуметтік білім тек білім берумен ғана шектелмей тұлғаның адамгершілік құндылықтары мен әлеуметтік әділдік сезімі мен адам құқығын сақтау жүйесін қалыптастырады. Қоғамда немесе әлеуметтік ортада қалыптасып қалған стереотиптерден арылып критикалық ойлауларына мүмкіндік береді.

Сәйкесінше, тарихи сана педагогикасы тарихи білімді сын тұрғысынан қабылдау, мәселені тану, пайымдау мен өткен мен бүгінгіні талдау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік бере отыра, тарихи және әлеуметтік құндылықтарды қалыптастырады.

Тарихи жады педагогикасында музейге, тарихи орындарға бару; танымдық және эмоционалдық қырларын ұштау; оқу күндері; мұрағатқа немесе кітапханаға бару арқылы индивидуалды жұмыс жасау; жобалық семинар; тарихи оқиға куәгерлерімен (қатысушылармен) кездесу және тағы да басқа білім берудің түрлі нысандарын пайдаланады. Мысалы, жобалық білім берудің дидактикалық және педагогикалық артықшылықтары бар [17]. Жоба аясында нақты тапсырманы орындау арқылы (ардагерден сұхбат алу, көрме ұйымдастыру, тарихи қойылым қою, құжаттар жинау,...) тәжірбиелік жұмыс орындалады және командалық жұмыс істеуге үйретеді.

Қорытындылай келе, коммеморациялық білім беру қазіргі қоғамдық өмірдің бір бөлшегі және мұндағы педагогиканың міндеті азаматтық ұстанымы бар сыни тұрғыдан ойлай алатын және жаһандану дәуірінде толерантты тұлға қалыптастыруда педагогиканың қандай қағидалар ұстанатындығына, тиісінше азаматтың қалыптасуында білім берудің позитивті ықпалы көрініс береді.

Тарихи сананы қалыптастыруда жады педагогикасы төмендегі функцияларды атқарады:

- тарихи білім береді;
- тарихи-мәдени күзіреттілік қалыптастырады;
- сақтауға тұрарлық топтық маңызды құндылықтарды жеткізеді;
- топтық (әлеуметтік, ұлттық, ұлтаралық локалды) иденттілікті қалыптастырады;
- көрші топтармен қарым-қатынасты қалыптастырушы фактор рөлін атқарады;
- жүріс-тұрыс моделін қалыптастырады;
- қанда да бір идеологиялық реңкті көрсетеді;
- түрлі сипаттағы патриотизмді қалыптастырады;
- болашақты жобалау факторына айналады;
- жаһандану үдерісінде позитивті коммуникативтік рөл атқарады.

Аталған функциялар қоғамдық өмірде және білім беру сферасында көрініс береді. Ол әрдайым позитивті ғана емес дисфункциялық та сипатта бола береді. Ол тарихты оқыту барысында саяси, әскери, институционалдық, мемлекеттік тарихқа мән беру немесе тарихи құрылымға, тенденцияға, мәдениетке, қоғам тарихына акцент жасаудағы акцентке байланысты көрініс береді.

Отандық және шетелдік педагогикалық тәжірибелер тарихи жады педагогикасы әлеуметтік жауапкершілігі жоғары және өздері өмір сүретін әлемді терең түсіне білетін азамат тәрбиелеуде үлкен үлесі бар екендігін көрсетті. Тәжірибе көрсеткендей бұл үшін тек тарих оқулығы негізінде ғана емес белсенді оқу технологиясы, соның ішінде жобалық оқыту (Project-based learning (PBL)) және сабақтан тыс оқыту (Out-of-School Learning) арқылы тарихи оқиғаларға қатысты салмақты ұстанымдары мен сыни тұрғыдан ойлай білетін отансүйгіш, әлемдік және отандық тарихты уақыт контекстінде баға бере алатын тұлға сомдауда тарихи жадыны қалыптастыру педагогикасының рөлі зор екендігін көреміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Thorp R. Historical Consciousness and Historical Media — A History Didactical Approach to Educational Media [Electronic resource] / R. Thorp // *Education Inquiry*. — 2014. — Vol. 5, No 4. — P. 497–516. — Access mode: DOI: 10.3402/edui.v5.24282.
- 2 Clark A. Historical Consciousness: Conceptualizations and Educational Applications [Electronic resource] / A. Clark, M. Grever // *International Handbook of History Teaching and Learning*: Chapter 7, 177–201 / S.A. Metzger & L. McArthur Harris eds.; New York: Wiley-Blackwell Publishers; 2018. — P. 189. — Access mode: DOI: 10.1002/9781119100812.ch7
- 3 Ассман Я. Культурная память. Письмо, память о прошлом и политическая идентичность в высоких культурах древности / Я. Ассман; пер. с нем. М.М. Сокольской. — М.: Языки славянской культуры, 2004. — 368 с.
- 4 Ahonen S. Historical consciousness: a viable paradigm for history education? [Electronic resource] / S. Ahonen // *Journal of Curriculum Studies*. — 2005. — 37:6. — P. 697–707. — Access mode: DOI: 10.1080/00220270500158681
- 5 Bilewicz M. The lay historian explains intergroup behavior: Examining the role of identification and cognitive structuring in ethnocentric historical attributions / Michał Bilewicz, Marta Witkowska, Anna Stefaniak, Roland Imhoff // *Memory Studies*. — 2017. — Vol. 10 (3). — P. 310–322.
- 6 Құдагелдин М. Тарихи сана — ұлттық үрдістің ұйытқысы / М. Құдагелдин // *Ақиқат*. — 2015. — № 3. — Б. 36–37.
- 7 Телебаев Г.Т. Методологический анализ ценностей идеи «Мәңгілік Ел» в контексте использования в патриотическом воспитании / Г.Т. Телебаев, Ж.О. Жилбаев, Ж.Ж. Наурызбай // *Қарағанды ун-нің хабаршысы. Педагогика сер.* — 2019. — № 1. — 55–6.
- 8 Шнейдер М.Я. Историки читают учебники истории: традиционные и новые концепции учебной литературы / М.Я. Шнейдер; под ред. К. Айермахера и Г.А. Бордюгова. — М., 2002. — С. 206–219.
- 9 Горшков М.К. Молодежь России: демографические тенденции и историческое сознание / М.К. Горшков, Ф.Э. Шереги // *Мониторинг общественного мнения*. — 2009. — № 6. — С. 5–36.
- 10 Матусевич О.А. Польская историческая политика в условиях трансформации общества / О.А. Матусевич // *Труды БГТУ. История, философия, филология*. — 2013. — № 5. — С. 113–115.
- 11 Петер Тибор Наги. Преподавание истории как преподавание плюрализма / П.Т. Наги; под общ. ред. Л.В. Алексеевой // *Актуальные проблемы преподавания истории и обществознания в образовательных организациях различных типов: колл. моногр.:* [в 5 ч.]. — Нижневартовск: НВГУ, 2018. — С. 192.
- 12 Бергман Клаус. Уроки истории [Электронный ресурс] / Клаус Бергман. — Режим доступа: http://vestnik.yspu.org/releases/novosti_i_problemy/4_2/

13 Ферро М. Как рассказывают историю детям в разных странах мира / М. Ферро; пер. с фр. Е.И. Лебедевой. — М., 1992. — 351 с.

14 Алексеева Л.В. Актуальные проблемы преподавания истории и обществознания в образовательных организациях различных типов: колл. моногр. / Л.В. Алексеева, Е.Е. Вяземский, Г.Ю. Зверева, Н.С. Салимова, Н.В. Сапожникова, О.Ю. Стрелова, М.М. Чореф, Е.В. Яковлева; под общ. ред. Л.В. Алексеевой. — Ч. 2. — Нижневартовск: Изд-во Нижневарт. гос. ун-та, 2015. — С. 119.

15 Әскери тұтқындар музейінің сайты, Польша [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.cmjw.pl/en/edukacja/pedagogika-pamieci/>

16 Бұрынғы өлім лагері музейінің сайты, Польша [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.sobibor-memorial.eu/en/mission>

17 Bell S. Project-Based Learning for the 21st Century: Skills for the Future [Electronic resource] / S. Bell // The Clearing House: A Journal of Educational Strategies, Issues and Ideas. — 2010. — 83(2). — 39–43. — Access mode: DOI:10.1080/00098650903505415.

К.Р. Калкеева, М.Т. Кудгельдин, Н.А. Каргапольцева

Педагогика исторической памяти как условие формирования коммуникативной культуры учащихся

В статье рассмотрены основные педагогические подходы, которые используются в современной теории исторической памяти в рамках социально-гуманитарного знания. Авторы обращают внимание на такой важный аспект проблемы, как выявление схожих понятий, и кратко раскрывают содержание понятий, используемых в отечественной и зарубежной литературе: «педагогика исторической памяти», «музейная педагогика», «педагогика воспоминания», «дидактика истории». Музейная педагогика, дидактика истории и коммеморативная педагогика характеризуются как важнейшие составные части педагогики исторической памяти. Акцент сделан на показе диалектического единства понятий, упомянутых выше. В статье представлены основные тенденции в изучении педагогики исторической памяти и исторического сознания, а также предложены перспективные направления для историографических и педагогических исследований представлений о прошлом. Предложена концепция исторического образования, построенная на установлении сущности и характера связи между политическим процессом, массовым историческим сознанием и содержанием и дидактикой курса истории. Авторы не претендуют на полноту освещения рассматриваемой проблемы.

Ключевые слова: педагогика, учебник истории, историческая память, дидактика истории, музейная педагогика, коммеморативная педагогика, педагогика воспоминания.

K.R. Kalkeeva, M.T. Kudageldin, N.A. Kargapoltseva

Pedagogics of historical memory as a condition for the formation of a communicative culture of students

The article discusses the basic pedagogical approaches that are used in the modern theory of historical memory in the framework of socio-humanitarian knowledge. The author draws attention to such an important aspect of the problem as the identification of similar concepts and briefly reveals the content of concepts used in domestic and foreign literature «pedagogy of historical memory», «museum pedagogy», « pedagogy of remembrance», «history didactics» with other definitions of this phenomenon used. Museum pedagogy, didactics of history and commemorative pedagogy are characterized as the most important components of pedagogy of historical memory. The emphasis is on showing the dialectical unity of the concepts mentioned above. The article presents the main trends in the study of pedagogy of historical memory and historical consciousness, and also offers promising directions for historiographic and pedagogical research of ideas about the past. A concept of historical education is proposed, based on establishing the essence and nature of the relationship between the political process, mass historical consciousness and the content and didactics of the course of history. The author does not claim to be a complete coverage of the problem under consideration.

Keywords: pedagogy, history textbook, historical memory, didactics of history, museum pedagogy, commemorative pedagogy, pedagogy of remembering.

References

1 Robert, Thorp (2014). Historical Consciousness and Historical Media — A History Didactical Approach to Educational Media. *Education Inquiry*, 5:4, 24282, doi: 10.3402/edui.v5.24282.

- 2 Clark, A. & Grever, M. (2018). Historical Consciousness: Conceptualizations and Educational Applications. S.A. Metzger & L. McArthur Harris (Eds.). *International Handbook of History Teaching and Learning*; New York: Wiley-Blackwell Publishers; Chapter 7, P. 177–201.
- 3 Assman, Ia. (2004). *Kulturnaia pamiat. Pismo, pamiat o proshlom i politicheskaiia identichnost v vysokikh kulturakh drevnosti* [Das kulturelle Gedächtnis: Schrift, Erinnerung und politische Identität in frühen Hochkulturen]. (M.M. Sokolsky, Trans). Moscow: Yazyki slavianskoi kultury [in Russian].
- 4 Ahonen, Sirkka (2005). Historical consciousness: a viable paradigm for history education? *Journal of Curriculum Studies*, 37:6, 697–707, doi: 10.1080/00220270500158681
- 5 Michał, Bilewicz; Marta, Witkowska; Anna, Stefaniak & Roland, Imhoff. (2017). The lay historian explains intergroup behavior: Examining the role of identification and cognitive structuring in ethnocentric historical attributions. *Memory Studies*, Vol. 10 (3), 310–322.
- 6 Kudageldin, M. (2015). Tarikhi sana - ulttyk urdistin uytqysy [Historical consciousness as the core of national identification]. *Akikat — Aqiqat*, 3, 36–37 [in Kazakh].
- 7 Telebaev, G.T., Zhilbaev, Zh.O., & Nauryzbai, Zh.Zh. (2019). Metodologicheskii analiz tsennosti idei «Manhilik El» v kontekste ispolzovaniia v patrioticheskome vospitanii [Methodological analysis of the values of the idea «Mangilik El» in the context of application in patriotic education]. *Karagandy universitetinin khabarshysy. Pedagogika seriiasy — Bulletin of the Karaganda University. «Pedagogy» series*, 1, 55 [in Russian].
- 8 Shneider, M.Ya. (2002). *Istoriki chitaiut uchebniki istorii: traditsionnye i novye kontseptsii uchebnoi literatury* [Historians read history textbooks: traditional and new teaching literature concepts]. K. Aiermakhera and G.A. Bordiugova (Eds.). Moscow [in Russian].
- 9 Gorshkov, M.K., & Sheregi, F.E. (2009). Molodezh Rossii: demograficheskie tendentsii i istoricheskoe soznanie [Russian Youth: Demographic Trends and Historical Consciousness]. *Monitorinh obshchestvennogo mneniia — Monitoring of Public Opinion*, 6, 5–36 [in Russian].
- 10 Matushevich, O.A. (2013). Polskaia istoricheskaiia politika v usloviakh transformatsii obshchestva [Polish historical politics in the conditions of transformation of society]. *Trudy BHTU. Istoriia, filosofii, filologii — Proceedings of BSTU. History, philosophy, philology*, 5, 113–115 [in Russian].
- 11 Peter Tibor Nagi. (2018). Prepodavanie istorii kak prepodavanie pliuralizma [Teaching history as teaching of pluralism]. *Aktualnye problemy prepodavaniia istorii i obshchestvoznaniia v obrazovatelnykh orhanizatsiakh razlichnykh tipov — Actual problems of teaching history and social studies in educational organizations of various types*. L.V. Alekseev (Ed.); NVGU. (Vols 1–5). Nizhnevartovsk [in Russian].
- 12 Bergman, K. *Uroki istorii* [History lessons]. *vestnik.yspu.org*. Retrieved from http://vestnik.yspu.org/releases/novosti_i_problemy/4_2/ [in Russian].
- 13 Ferro, M. (1992). *Kak rasskazyvaiut istoriiu detiam v raznykh stranakh mira* [How to tell a story to children in different countries of the world]. E.I. Lebedeva, Trans. Moscow: Knizhnyi klub 36.6 [in Russian].
- 14 Alekseeva, L.V., Viazemskii, E.E., Zvereva, G.Iu., Salimova, N.S., Sapozhnikova, N.V., & Strelova, O.Iu. et al. (2015). *Aktualnye problemy prepodavaniia istorii i obshchestvoznaniia v obrazovatelnykh orhanizatsiakh razlichnykh tipov* [Actual problems of teaching history and social studies in educational organizations of various types]. L.V. Alekseeva (Ed.). Nizhnevartovsk: Izdatelstvo Nizhnevartskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].
- 15 Askerii tutkyndar muzeinin saity, Polsha [Website of Central Museum of Prisoners of War. Poland]. *cmjw.pl/en*. Retrieved from <http://www.cmjw.pl/en/edukacja/pedagogika-pamieci/> [in Kazakh].
- 16 Burnhy olim laheri muzeinin sait, Polsha [Museum of the Former Death Camp, Poland]. *sobibor-memorial.eu/en*. Retrieved from <http://www.sobibor-memorial.eu/en/mission> [in Kazakh].
- 17 Bell, S. (2010). Project-Based Learning for the 21st Century: Skills for the Future. *The Clearing House: A Journal of Educational Strategies, Issues and Ideas*, 83(2), 39–43. doi:10.1080/00098650903505415